

Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 6 қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, төрағалық етуші - Кеңес мүшесі А.К.Котов және Кеңес мүшелері Қ.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - Республика Әділет вице-министрі С.Н.Баймағамбетовтің,

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік-құқық басқармасының сот жүйесі мәселелері жөніндегі бөлім меңгерушісі М.А.Пақырдіновтің

Республика Жоғарғы Сотының судьясы Ж.Н.Бәйішевтің, Республика Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың, Республика Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Г.Н.Әбдіқалықованың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясы 79-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашыны - Конституциялық Кеңестің мүшесі Қ.Ә.Омархановты, өтініш субъектісінің өкілін және отырысқа қатысушыларды тыңдап, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны анықтады:

Республика Конституциялық Кеңесіне Республика Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясы 79-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсіп, онда мынадай сұрақтардың жауабын ескеру сұралған:

1) Конституцияның 79-бабының 1-тармағындағы "соттар тұрақты судьялардан тұрады" деген тұжырымға қарай отырып, Қазақстан Республикасының судьялары өмірлік тағайындала ма (сайлана ма)?

2) "Судьялардың өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідірітілуі мүмкін" деген нормаға сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабы 1-тармағында көзделген ереже зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты жұмыстан шығару туралы қолданыстағы заңды судьяларға қолдануға жол береді деп түсінуге бола ма?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабы 1-тармағының нормасын

өтініште қойылған сұрақтарға қатысты түсіндірген кезде **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны ескерді.

1. Республика Конституциясының 75-бабының 1-тармағына сәйкес "Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады". Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 15 ақпандағы N 1 қаулысында бұл орайда "мемлекеттік биліктің сот тармағын білдіретін органдар ретінде, соттар ғана сот төрелігін жүзеге асырады" делінген. Сот билігінің жария-құқықтық міндеттерін орындайтын судьяның, өз кәсіби қызметі ретінде сот төрелігін жүзеге асыруының ерекшелігі оның айрықша құқықтық мәртебесін алдын-ала айқындап тұрады, ол мәртебе Негізгі Заңмен белгіленіп, кепілдік беріледі (77, 79, 80, 82-баптар).

Судья мәртебесі оған әркімнің құқықтары мен бостандықтарын шын мәнінде қорғау үшін Конституциямен және заңдармен жүктелген өкілеттіктің тәуелсіз де әділ атқарылуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды (Конституцияның 76 және 77-баптары , 13-баптың 2-тармағы). Сондықтан Негізгі Заң судья мәртебесін регламенттеудің айрықша, сот қызметінің міндеттерімен, принциптерімен және ерекшеліктерімен, сот төрелігін жүзеге асырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатымен шарттас ережелерін (талаптарын) белгілейді.

Мәселен, Конституцияда судьяның құқықтық жағдайының түбегейлі белгілерінің бірі - оның тұрақтылығы белгіленген ("соттар тұрақты судьялардан тұрады", 79-баптың 1-тармағы), бұл оның сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігін қамтамасыз етеді және судьяның өз өкілеттігін қызметке тағайындалған (сайланған) уақыттан бастап ол тоқтатылған уақытқа дейін тұрақты негізде жүзеге асыруын көздейді. Бұл ретте, судьяларға өкілеттік берудің Конституцияның 82-бабында көзделген ерекше тәртібі, сондай-ақ бұл өкілеттіктің тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідірілуі (Конституцияның 79-бабының 1-тармағы) , судья жағдайының құқықтық тұрақтылығына кепіл болып табылады. Дәл осындай құқықтық позициялар Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 қолданыстағы қаулысында бар .

Негізгі Заңда судьяның мәртебесі оған өмір бойы тиесілі деген ереже жоқ. Конституция нормаларынан және де судьяның өмір бойы өз лауазымын иеленіп, өз өкілеттігін жүзеге асыру құқығы, сондай-ақ мемлекеттің бұл үшін оған конституциялық-құқықтық кепілдіктер беру міндеттемесі келіп туындамайды.

2. Конституция судья лауазымына үміткерлерге (79-баптың 3-тармағы), судьяларға өкілеттік беру тәртібіне (82-бап) және олардың қызметте болуына (77-бап , 79-баптың 2 және 4-тармақтары) ерекше талап қояды. Бұл ретте Негізгі Заңның нормалары судья өкілеттігін тоқтату негіздерінің арнайы тізбесін көздемейді.

Сонымен бірге, Негізгі Заңның кейбір нормаларына жасалған талдау, судьяны қызметтен босату мүмкін болатын мән-жайлар туындаған кезде оларды айқындап алуға мүмкіндік береді, өйткені оның мәртебесі мынадай өзге қызметтермен: өкілді

мемлекеттік органның депутаты болып сайланумен; оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен; кәсіпкерлікпен айналысумен; коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды (79-баптың 4-тармағы). Одан тыс, Конституцияның жекелеген ережелерінен судьяның өз лауазымын одан әрі иеленуіне мүмкіндік бермейтін мынадай өзге де негіздер келіп шығады: Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы (79-баптың 3-тармағы); қайтыс болуы және соттың өлген деп тануы, өйткені адамның жалпы құқықсубъектілігі жоғалады (13-баптың 1-тармағы); Негізгі Заңның 23-бабы 2-тармағының талаптарын бұзуы.

Судьяның өкілеттігін тоқтатудың және оны қызметтен босатудың белгілі бір негіздері келіп туындайтын Конституция ережелерінің ең жоғары заңдық күші болады және олар тікелей қолданылады (Негізгі Заңның 4-бабының 2-тармағы). Алайда жоғарыда атап өтілген негіздер мейлінше толық болып табылмайды. Конституцияның 79-бабының 1-тармағында "судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы... мүмкін", - деп атап көрсетілген. Бұл орайда, судьяның өкілеттігін конституциялық заңда көзделген негіздер бойынша ғана емес, заңда көзделген негіздер бойынша да тоқтату мүмкін екенін назарда ұстаған жөн (Конституцияның 75-бабының 2, 3 және 4-тармақтары, 77-бабының 1 және 2-тармақтары, 79-бабының 1-тармағы, 82-бабының 5-тармағы).

Заңда, судьяның өкілеттігін тоқтатудың конституциялық нормалардан келіп шығатын негіздерінен басқа, оны Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты қызметтен босатуды қоса алғанда, өкілеттігін тоқтатудың өзге де негіздері белгіленуі мүмкін. Бұл құқықтық позиция Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 нормативтік қаулысының ережелерімен үйлеседі, ол қаулыда былай делінген: "...Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты сайлайды, ал жергілікті соттардың судьяларын шектеулі жасқа жеткенге дейін белгіленбеген мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды".

Судья лауазымында болудың ең жоғары жасын белгілеу оның кәсіби қызметінің ерекшелігіне, сот билігінің жұмыс істеу міндеттері мен принциптеріне байланысты. Ол судьяның тәуелсіздігі туралы конституциялық принципті шектеу деп бағалана алмайды, өйткені, зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты қызметінен босатылған судья, одан әрі сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттігін атқармайды. Конституциялық Кеңес бұдан азаматтың конституциялық құқықтарын кемсітуді таппайды, өйткені судья мәртебесі жеке бастың артықшылығы болып табылмайды. Өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату негіздері барлық судьялар үшін ортақ әрі тең болып табылады және заңдық күші жағынан заңнан төмен емес нормативтік құқықтық актілермен

р е г л а м е н т т е л е д і .

Осылайша, судья мәртебесінің тұрақты сипаты туралы конституциялық ереже оның

иеленіп отырған лауазымында өмір бойы отыруын білдірмейді, ол судьяның өкілеттігі тек конституциялық және өзге де заңдарда белгіленетін негіздер бойынша ғана тоқтатылуы мүмкін екенін көздейді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 31-33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:**

1. "Соттар тұрақты судьялардан тұрады..." деген бөлігіндегі Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабы 1-тармағының нормасын, судьялар, мемлекет атынан белгіленбеген мерзімге сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттік берілген, мемлекеттің кәсіби лауазымды адамдары болып табылады. Олар конституциялық заңда және өзге де заңдарда көзделетін негіздер бойынша және сол тәртіппен өкілеттігі тоқтатылғанға дейін, судья лауазымында болудың бүкіл уақыты ішінде ауыстырылмайды, - деп түсінген жөн.

2. "Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы... мүмкін" деген бөлігіндегі Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабы 1-тармағының нормасы, судьяның өкілеттігін тоқтату және оны қызметтен босату негіздері, соның ішінде ең жоғары (зейнеткерлік) жасқа жетуіне байланысты, конституциялық заңмен және өзге де заңдармен айқындалатынын білдіреді.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Т ө р а ғ а л ы қ е т у ш і -
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы*

Конституциялық Кеңесінің мүшесі